

# Turkic Weekly

2016/37





## **Turkic Weekly 2016 29 (37) [12-18 қыркүйек]**

**Turkic Weekly** Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

**Turkic Weekly** – Түркі академиясы халықаралық ұйымы шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.



## МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІ ҚҰРБАН АЙТТЫ ТОЙЛАДЫ

Өткен аптаның басында дүниежүзі мұсылмандары ең басты мерекелерінің бірі – Құрбан айтты ('Ид әл-Адха) атап өтті. Құрбан айт (құрбан шалу мерекесі) уақыты қажылық сапарының соңына дәл келеді.

1992 жылы 27 қазандағы «Әзербайжан Республикасындағы мерекелер» туралы Милли Мәжіліс қабылдаған заңға сәйкес Әзербайжанда Құрбан айт мемлекеттік деңгейде атап өтіледі. Әзербайжан президенті Ильхам Әлиевтің биылғы құттықтауында: «Биылғы Құрбан айт та ұлттық-рухани келісім, қайырымды істер, мейірімділік пен жанашырлық салтанаты боларына сенімдімін», – делінген.

Қазақстанда Құрбан айт әдеттегідей, мешіттерде айт намазын оқудан басталды. Намаздан кейін халық дәстүр бойынша құрбан шалуға кірісті. Құрбандыққа қой, қошқар, сиыр, түйе шалынып жатты. Құрбан айт күндері Қазақстанда қайырымдылық акциялары, жәрмеңкелер және спорт додалары сынды түрлі шаралар өткізілді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқын мерекемен құттықтау сөзінде былай деді: «Қазақстан табысты дамыған 25 жылда Құрбан айт шын мәнінде Ел бірлігі мен қоғамдағы конфессияаралық келісімді нығайта түсуге бірегей ықпал еткен айтулы мейрамға айналды».

Құрбан айт мейрамына орай Түркия тарапының бастамасымен Нұрсұлтан Назарбаев Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті. Әңгіме барысында екі ел басшылары екіжақты қарым-қатынастың қазіргі ахуалы мен перспективасын, сондай-ақ өңірлік және халықаралық бірқатар өзекті мәселелерді талқылады.

Қырғыз Мұсылмандар діни басқармасы Құрбан айт басқа діни мейрамдар сияқты Қырғыз халқы рухани өміріндегі маңызды оқиғаға айналып, қоғамның өнегелік ұстанымдары мен бірлігін нығайтудағы таптырмас мүмкіндік екенін мәлімдеді. Мейрамға орай Қырғыз Республикасының Президенті Алмазбек Атамбаев Шу облысы, Аламудун ауданы, Арашан ауылының мешітінде өткен айт намазына қатысты.

Сондай-ақ, Құрбан айт Қытай, Өзбекстан, Ресей, Түрікменстанда, Түркия және Үндістанның бірқатар аймақтары мен мұсылмандар мекендейтін әлемнің басқа да бөліктерінде тойланды.



## НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ИСЛАМ КАРИМОВТЫҢ РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТТІ

12 қыркүйекте Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Өзбекстанның бірінші Президенті болған Ислам Каримовтың рухына тағзым ету үшін Самарқанға жұмыс сапарымен барды.

Бірінші кезекте Нұрсұлтан Назарбаев И.Каримов қабірінің басына гүл шоғын қойып, Қазақстан халқы атынан марқұмның туыстары мен жақындарына көңіл айтты. Н.Назарбаев жиналған қауымға өзінің Ислам Каримовпен ұзақ жылдар бойы дос болып, шынайы түсіністік пен қолдау көргендігін жеткізді.

Н.Назарбаев өз сөзінде: «Қазақ пен өзбек халқы әрдайым бір-бірімен етене жақын болды. Ислам Абдуганиевич екеуіміз 1998 жылы Қожа Ахмет Иасауи кесенесі басында мәңгілік достық туралы келісімге қол қойдық, біздің қарым-қатынасымыз үнемі сол келісімге негізделді. Қазақстан әрқашан өзбек халқымен қанаттасып, қатар келеді және солай бола береді. Біз сіздермен барлық қуанышты бірге бөлісіп, қиын кездерде бірге қайғырамыз,» – деді.

Сондай-ақ, сапар аясында Нұрсұлтан Назарбаев Өзбекстан Республикасы президентінің міндетін уақытша атқарушы Ш.Мирзиесевпен Ташкентте кездесті. Кездесуде тараптар Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы түрлі салалар бойынша алдағы ынтымақтастық мәселелеріне қатысты пікір алмасты. Өзбекстан президенті міндетін атқарушы Шавкат Мирзиесев Ислам Каримов рухына құрмет көрсетіп келген Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа алғыс білдірді. Мейірімділік пен бірлік мейрамы – Құрбан айт уақытына дәл келген бұл сапар Ислам Каримов пен Нұрсұлтан Назарбаев арасында ерекше достық пен сенім қатынасының болғанын дәлелдейтіні жөнінде көп айтылды.



## ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА ҮКІМЕТ ҚҰРЫЛДЫ

Өткен апта Қазақстанда айтарлықтай кадрлық тағайындаулар басталды. ҚР Премьер-министрі болып Бақытжан Сағынтаев тағайындалғаннан кейін, министрлер кабинетінің жаңа құрамы бекітілді. Осыған орай Қазақстан Президенті «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамы туралы» Жарлыққа қол қойды. Онда:

«Ерлан Әбілфайызұлы Ыдырысов - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі; Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Қасымов - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі; Дәурен Әскербекұлы Абаев - Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі; Ерлан Кенжеғалиұлы Сағадиев - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі; Тамара Босымбекқызы Дүйсенова - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі; Жеңіс Махмұдұлы Қасымбек - Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі; Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі; Арыстанбек Мұхамедиұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі; Қуандық Уәлиханұлы Бишімбаев - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі; Қанат Алдабергенұлы Бозымбаев - Қазақстан Республикасының Энергетика министрі болып тағайындалсын», - деп жазылған.

Асқар Мырзахметов ҚР Премьер-Министрі орынбасары - ҚР Ауылшаруашылық министрі болып тағайындалды. Сонымен қатар, бұрын Қазақстанның қорғаныс министрі болған Иманғали Тасмағамбетов ҚР Премьер-Министрінің орынбасары атанды. Қорғаныс министрі орнына бұрын ҚР ҚМ басшысының орынбасары болған Сәкен Жасұзақов тағайындалды.

Оған қоса, Қазақстанда жаңа министрлік құрылды. ҚР Президенті Дін істері және азаматтық қоғам министрлігін түзуді қаулы етті. Тиісті Жарлықта: Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі, оған: Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінен - діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл, діни сенім бостандығына азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимылы салаларындағы; Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінен - жастар саясаты саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, құрылсын», - делінген. Жаңадан құрылған министрлікті Нұрлан Ермекбаев басқаратын болды.



## БІШКЕКТЕ ТМД МЕРЕҮЙТОЙЛЫҚ САММИТІ ӨТТІ

16 қыркүйекте Бішкекте ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) мемлекет басшылары кеңесінің отырысы өтті. Достастыққа биыл Қырғызстан төрағалық етуде.

Қырғызстандағы мерейтойлық саммитке алты мемлекеттің: Арменияның, Әзербайжанның, Беларусьтің, Қазақстанның, Ресей мен Тәжікстанның президенттері қатысты. Сондай-ақ, аталған басқосуға Түрікменстан атынан Министрлер кабинеті басшысының орынбасары, Молдовадан премьер-министр, Өзбекстан тарапынан Сыртқы істер министрі және Украинадан елші қатысты.

ТМД Мемлекет басшылары кеңесі – 1991 жылы құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жоғарғы органы. Кеңеске ТМД қатысушы мемлекет басшылары кіреді. Анығын айтқанда ол КСРО Мемлекеттік кеңесін алмастырды. Кеңес шешімі барлық ел басшыларының келісімімен ғана қабылданады, әйтсе де қатысушылар шешімді талқылаудан бас тарту құқығына ие.

ТМД құрылуының 25 жылдық мерейтойында мемлекет басшылары бұл мемлекетаралық одақ қызметінің қорытындыларын шығарып, Достастықтың алдағы дамуының маңызды бағыттары бойынша пікір алмасты.

Отырыс қорытындысы бойынша арасында терроризмге қарсы күрес және есірткі мәселесіне қатысты мәлімдемелер бар, бірқатар көпжақты құжаттарға қол қойылды.



## ЎЗБЕКСТАНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ЖЕЛТОҚСАНДА ӨТЕДИ

Таяуда Ўзбекистон Орталық сайлау комитеті алдағы уақытта елде болатын президент сайлауына қатысты ресми мәлімдеме жасады. Ўзбекистан ОСК Республика президенті сайлауын 2016 жыл 4 желтоқсанда өткізу және сайлау науқанын бастау туралы шешім қабылдады.

Ўзбекистан Конституциясына сәйкес, егер мемлекет басшысы өз міндеттерін атқара алмаса, жаңа президентті сайлау үш ай ішінде өтуі тиіс.

Ўзбекистанда президент сайлауы 2015 жылы наурызда болғанын естеріңізге саламыз. Ўзбекистанда президент бес жыл мерзімге сайланады.

Сол арада Ўзбекистан Үкіметінде жаңа ауыс-түйістер орын алды. Нақты айтатын болсақ, Ўзбекистан президентінің м.а. Шавкат Мирзиесев өз жарлығымен Абдулла Ариповты премьер-министр орынбасары деп тағайындады. Өзбек БАҚ-тың айтуы бойынша, үкіметте А.Арипов жастар саясаты, мәдениет, ақпараттық жүйелер және телекоммуникациялар мәселелер кешенін басқаратын болады, бұны Үкіметтік порталдағы ақпарат растайды.

Шавкат Мирзиесев басқа да тағайындаулар жасады. Жоғарғы және орта арнайы білім министрі болып, бұл қызметті 2014 жыл сәуірінен бастап атқарып келген Рустам Касимов орнына Алишер Вахабов тағайындалды. Бұрынғырақта (2004–2008 жылдары) ол ЖОАБ министрі және премьер-министр орынбасары болып жұмыс істеген. ЖОАБ министрінің бірінші орынбасары болып Ином Мәжидов, білім бойынша министр орынбасары болып, осы жазда премьер-министрдің жастар саясаты, білім, мәдениет және спорт мәселелері бойынша орынбасары ретінде тағайындалған Мәжит Кәрімов келді.



## ТҮРКИЯНЫҢ ВАН ПРОВИНЦИЯСЫНДА ТЕРАКТ БОЛДЫ

Түркия БАҚ-ның айтуы бойынша, 12 қыркүйек таңертең – Құрбан айттың бірінші күні елдің шығысындағы Ван қаласында қатты жарылыс болған. Жергілікті полиция мәліметі бойынша, қаланың халық көп жүретін жерінде орналасқан Әділет және даму билеуші партиясы жергілікті бөлімшесінің ғимаратынан 200 метрде мина қойылған автокөлік жарылған. Жарылыс салдарынан кем дегенде 53 адам жарақат алды. Жарақат алғандардың жағдайы орташа және ауыр деп бағалануда.

Зардап шеккендердің арасында 4 полиция қызметкері болған. Оқиға нәтижесінде жарылыс кіндігінде болған әкімшілік ғимараттан басқа, сол маңда орналасқан қонақүй, кеңселер, үйлер зақымданған, терезелері сынған.

«Анадолу» ақпарат агенттігінің мәліметі бойынша, көліктегі жарылғыш зат алыстан басқару құрылғысы арқылы іске қосылған.

Жергілікті билік өкілдерінің сөзіне қарағанда, кеңселердің көпшілігі жабық болып, аудан тұрғындары Құрбан айт мерекесіне орай демалып жатуы лаңкестік әрекеттің ықтимал құрбандарын азайтқан.

Түркия Президенті Р.Т.Ердоған Құрбан айт мейрамымен құттықтау сөзінде болған лаңкестік әрекетті қатаң сынға алып, бұны ұйымдастырған адамдар ерте ме, кеш пе ұсталып, жазаланатынын мәлімдеді.





Түркі академиясы 2010 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары тарапынан құрылды. Академия көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі Түркі әлемінің тілдері, мәдениеті және тарихы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оларды үйлестіретін халықаралық ұйым болып табылады. Түркі академиясы Түркі әлемін зерттейтін ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтары арасында ынтымақтастығын арттыруға ықпал етеді.

**[www.twesco.org](http://www.twesco.org) | 57-49-86**

**Тәуелсіздік даңғ., 57, Бейбітшілік және келісім сарайы**

**Астана, 010000 | Қазақстан**

 [@intturkicacadem](https://twitter.com/intturkicacadem)

 <https://www.facebook.com/International-Turkic-Academy-832484896847678/>